

**Шалқар ауданы бойынша азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 6 мамырдағы № 338 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 мамырда № 6144 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 12 наурыздағы № 40 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 12.03.2021 № 40 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 139 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар ауданы бойынша азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға аудандық бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

2. Шалқар аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші қосымшаға сәйкес жойылды деп танылсын.

3. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;  
2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар аудандық  
мәслихатының сессия төрағасы*

*Шалқар аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Ж. Былқайыр*

*С. Бигеев*

Шалқар аудандық мәслихатының 2019  
жылғы 6 мамырдағы № 338 шешіміне  
қосымша

## **Шалқар аудандық мәслихатының күші жойылған шешімдерінің тізбесі**

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 мамырдағы № 161 " Шалқар ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерді белгілеу туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3924 санымен тіркелген, 2014 жылғы 12 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімі;

2. Шалқар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 сәуірдегі № 11 "Шалқар ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы" 2014 жылғы 27 мамырдағы № 161 аудандық мәслихаттың шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4897 санымен тіркелген, 2016 жылғы 20 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімі;

3. Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 ақпандағы №86 "Шалқар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 мамырдағы № 161 "Шалқар ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5300 санымен тіркелген, "Шалқар" газетінде 2017 жылғы 17 наурызда жарияланған) шешімі.

